

«Ақмола облысы білім басқармасының
Степногорск қаласы бойынша
білім бөлімі Қарабұлақ ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная школа
села Карабулак отдела образования
по городу Степногорск управления
образования Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 23 қыркүйек

Қарабұлақ ауылы

ПРИКАЗ

№ 122

село Карабулак

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 18 шілденің №1 хаттамасының 2.4 тармағын, «2025-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, "Жаңа оқу жылының ерекшеліктері" бөлімі, "мектептердің ата-аналар жұртшылығымен өзара іс-қимылын нығайту, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру" 11-тармағы және білім басқармасының (облыстардың, Астана қалаларының) бұйрығы, Алматы, Шымкент) облыстық не қалалық білім басқармасының бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

- орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп басшысына жүктелсін;

- басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына: ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту; орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.

- басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарына: орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

- мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

4. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп басшының оқу жұмысы жөнінегі орынбасары Куралай Боранбаевна Маулибергеноваға жүктелсін.

5. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету басшының әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Аманжолға жүктелсін.

6. Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.

7. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

8. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

9. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қосымша 1 парақ:

"Жұмыс тобы құрамының тізімі"

Басшы



(Handwritten signature)

Н. Хасен

Таныстырылды: *(Handwritten signature)* К. Маулибергенова
(Handwritten signature) Г. Аманжол

«Ақмола облысы білім басқармасының
Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі
Қарабұлақ ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекеме басшының
202 5 жылғы 23 қыркүйек № 102
бұйрығына қосымша

Жұмыс тобы құрамының тізімі

1. Т.Б. Зияданов, басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары - «Отбасылық шаңырақ» отбасылық қарым-қатынас клубының жетекшісі,
2. Батар Серикгуль - «Даналық мектебі» клубының жетекшісі
3. Мухамеджан А.А., педагог-психолог
4. Оразалина А.Р., әлеуметтік педагог
5. Капезов А.О. - мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы, «Әкелер бірлістігі» әкелер клубының жетекшісі.